

"Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына активтерді есептеу және Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын пайдалану қағидаларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қалыптастырылуы мен пайдаланылуы туралы жылдық есепті жасау нысандары мен қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 23 сәуірдегі № 267 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1188 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 2 шілдедегі № 500 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 02.07.2025 № 500 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына активтерді есептеу және Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын пайдалану қағидаларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қалыптастырылуы мен пайдаланылуы туралы жылдық есепті жасау нысандары мен қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 23 сәуірдегі № 267 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 23-бабының 5-тармағына, 94-1, 104-1-баптарына және 133-бабының 5-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**".

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына активтерді есептеу және Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын пайдалану қағидаларында:

мынадай мазмұндағы 19-1-тармақпен толықтырылсын:

"19-1. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган республикалық бюджет қаражатының қалдықтары есебінен бюджетті түзету арқылы өткен қаржы жылының қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына:

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан республикалық бюджетке нысаналы трансферт түрінде тартылған пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) қаражаттың бір бөлігін;

республикалық бюджетке тартылған кепілдендірілген трансферттің бір бөлігін қайтаруды жүзеге асырады.

Ағымдағы қаржы жылында күтілетін кірістер түсімі (Ұлттық қордан берілетін трансферттер түсімін есепке алмағанда) жоспарланған кірістерден (Ұлттық қордан берілетін трансферттер түсімін есепке алмағанда) асып түскен жағдайда, бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан тартылған кепілдендірілген трансферттің бір бөлігін Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына қайтаруды жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан тартылған кепілдендірілген трансферттің бір бөлігін республикалық бюджеттен қайтару бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындаған тәртіппен жүзеге асырылады.";

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қалыптастырылуы мен пайдаланылуы туралы жылдық есепті жасау нысандарында:

1-нысан мынадай редакцияда жазылсын:

" 1-нысан

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының түсімдері мен пайдаланылуы туралы есеп

Р/с №	Атауы	Сомасы, мың теңге
1	Есепті кезеңнің басындағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының (бұдан әрі – Ұлттық қор) қаражаты, БАРЛЫҒЫ	
	Түсімдер, БАРЛЫҒЫ: Оның ішінде: - мұнай секторының ұйымдарынан түсетін тікелей салықтар (жергілікті бюджеттерге есептелетін салықтарды қоспағанда), оның ішінде: корпоративтік табыс салығы; үстеме пайдаға салынатын салық; бонустар; пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық; экспортқа салынатын рента салығы; Қазақстан Республикасының жасалған келісімшарттар бойынша өнімді бөлу жөніндегі үлесі; мұнай секторының ұйымдарынан өнімді бөлу туралы келісімшарт бойынша қызметті жүзеге	

асыратын жер қойнауын пайдаланушының қосымша төлемі ;

мұнай секторының ұйымдары жүзеге асыратын операциялардан түсетін басқа да түсімдер (жергілікті бюджеттерге есептелген түсімдерді қоспағанда) оның ішінде:

мұнай секторының ұйымдарына орталық мемлекеттік органдар, олардың аумақтық бөлімшелері салатын әкімшілік айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар, мұнай секторының ұйымдарына республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын өзге де айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар;

мұнай секторы ұйымдарының зиянды өтеуі туралы талап-арыздар бойынша табиғатты пайдаланушылардан алынған қаражат;

мұнай секторының ұйымдарынан түсетін басқа да салықтық емес түсімдер;

- республикалық меншіктегі және тау-кен өндіру мен қайта өңдеу салаларына жататын мемлекеттік мүлікті жекешелендіруден түсетін түсімдер;
- ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдер;
- инвестициялық кірістер;
- республикалық бюджеттен берілетін кепілдендірілген трансфертті қайтару;
- республикалық бюджеттен берілетін нысаналы трансфертертті қайтару;
- Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де түсімдер мен кірістер

Пайдалану, БАРЛЫҒЫ:

Оның ішінде:

- кепілдік берілген трансферт;
- нысаналы трансферттер;
- Ұлттық қорды басқаруға және жыл сайынғы сыртқы аудитті

	жүргізуге байланысты шығыстарды жабу	
4	Ұлттық қордың есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша қаражаты, БАРЛЫҒЫ:	

Бюджетті атқару жөніндегі орталық
уәкілетті органның басшысы _____
(Т.А.Ә., (бар болса), қолы) ";

Бюджетті атқару жөніндегі орталық
уәкілетті органның жауапты орындаушысы _____
(Т.А.Ә., (бар болса), қолы)";

3) Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қалыптастырылуы мен пайдаланылуы туралы жылдық есепті жасау қағидаларында:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Ұлттық қордың қалыптастырылуы мен пайдаланылуы туралы жылдық есепті бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен бірге, Ұлттық қор аудитінің нәтижелерін енгізе отырып жыл сайын, есепті жылдан кейінгі жылдың 1 мамырына дейін жасайды.";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі 134-бабының 1-тармағына сәйкес Үкімет Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен бірге жүргізілген сыртқы аудиттің нәтижелері қоса берілген жылдық есепті ағымдағы жылғы 1 маусымнан кешіктірмей Қазақстан Республикасы Президентінің бекітуіне енгізеді.".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К.Мәсімов